

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



Asian journal "STEPPE PANORAMA"



2025. 12 (2)

ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2025

© Авторлар ұжымы, 2025

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті, (АҚШ)

Көксебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Қубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Копеева Сания Жуматайқызы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство
о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография,
археология, этнология, антропология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Коллектив авторов, 2025

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Копеева Сания Жуматаевна — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2025
© Group of authors, 2025

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Azimqulov Javohir — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

Kriege Viktor — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Ohayon Isabelle — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

Outram Alan — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Saburova Tatiana — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 2, pp. 456-470, 2025
Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_2_456-470

HISTORIOGRAPHICAL REVIEW OF THE PROBLEM OF MASS FAMINE IN 1931–1933 IN KAZAKHSTAN

Ainagul T. Kaipbayeva¹, Arman M. Abikey^{2*}

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
(28, Shevchenko Str., Almaty, 050010 Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher
 <https://orcid.org/0000-0002-3387-624X>. E-mail: aina__78@mail.ru

Ch.Ch. Valikhanov Institute of history and ethnology
(28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
PhD, Leading Researcher
 <https://orcid.org/0000-0003-3078-3010>. E-mail: abikey.arm@gmail.com

*Corresponding Author

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025
© Kaipbayeva A.T., Abikey A.M., 2025

Abstract. *Introduction.* The history of famine in Kazakhstan during the early 1930s is a relatively under-researched topic in Russian historiography. This explains the growing public interest in the subject. This article provides a brief overview of Kazakh and foreign scientific literature on the famine of the 1930's. The purpose and objectives of this study is to identify and objectively analyze gaps in the history of Kazakhstan in the context of the policy of forming the historical consciousness of Kazakh society; a comparative analysis of various descriptions and interpretations of domestic and foreign scientific literature, and published archival sources on the famine in Kazakhstan in 1931–1933. *Materials and methods.* The main research materials are monographic works, collections of documents, articles published on the topic by domestic and foreign researchers. The principles of objectivity and historicism were used as methodological approaches in conducting the research. In addition, the methods of analysis, synthesis, retrospective, comparative-historical, and historical-typological were used in the study of this problem. *Results.* The content and focus of historical research in the works under consideration are described, as well as areas of scientific interest are identified. *Conclusion:* Researchers from Kazakhstan and a number of foreign countries have made significant contributions to the study of the history of famine in Kazakhstan.

Keywords: Kazakhstan, historiography, famine, collectivization, sedentarization, grain harvesting, genocide, demographic crisis

Acknowledgements. The article was prepared within the framework of program-targeted funding project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan “Preparation and publication of memoirs of eyewitnesses and their descendants in the 1931–1933 mass famine in Kazakhstan” (Registration number: BP 24993018).

For citation: Kaipbayeva A.T., Abikey A.M. Historiographical review of the problem of mass famine in 1931–1933 in Kazakhstan // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 2. Pp. 456–470. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_2_456-470

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1931–1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАППАЙ АШАРШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІНЕ ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ

Айнагүл Толғанбайқызы Қаипбаева¹, Арман Мұратұлы Әбікей^{2*}

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер
 <https://orcid.org/0000-0002-3387-624X>. E-mail: aina_78@mail.ru

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)
PhD (Тарих), жетекші ғылыми қызметкер
 <https://orcid.org/0000-0003-3078-3010>. E-mail: abikey.arm@gmail.com

*Автор-корреспондент

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Қаипбаева А.Т., Әбікей А.М., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* 1930 жылдардың басындағы Қазақстандағы ашаршылықтың тарихы – отандық тарихнамадағы толық зерттеле қоймаған тақырыптардың бірі. Бұл осы мәселеге қазіргі қоғам тарапынан сұраныстың тұрақты түрде артуын түсіндіреді. Бұл мақалада ХХ ғасырдың 30-шы жылдардағы ашаршылық мәселесі бойынша отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттер және жарияланған деректерге қысқаша тарихнамалық шолу берілген. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері* – тәуелсіз Қазақстан қоғамының тарихи санасын қалыптастыру шеңберінде қазақ тарихының ақтаңдақтарын ашу және объективті зерделеу, 1931–1933 жылдары Қазақстан аумағындағы ашаршылық мәселесі бойынша отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерді және жарияланған деректерді сипаттау мен түсіндірудің әртүрлі нұсқаларын салыстырмалы талдау болып табылады. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеудің негізгі материалдарын тақырып бойынша жарық көрген отандық және шетелдік зерттеушілердің монографиялық жұмыстары, құжаттар жинақтары, мақалалар құрайды. Зерттеу барысында әдістемелік тәсілдер ретінде объективтілік, тарихилық ұстанымдар басшылыққа алынды. Сонымен қатар, тақырыпты зерделеуде белгіленген мәселені зерттеуде талдау, синтез, ретроспективті, салыстырмалы-тарихи, тарихи-типологиялық әдістер қолданылды. *Нәтижелер.* Қарастырылған зерттеу еңбектердің тарихнамалық бағыттарының мазмұны мен бағыты сипатталып, зерттеу қызығушылықтарының бағыттары анықталды. *Қорытынды.* Қазақстан және бірқатар шет елдердің зерттеушілері қарастырылып отырған Қазақстандағы ашаршылық тарихын зерделеу бойынша елеулі жұмыстар атқарылған.

Түйін сөздер: Қазақстан, тарихнама, ашаршылық, ұжымдастыру, отырықшыландыру, астық даярлау, геноцид, демографиялық құлдырау

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Қазақстандағы 1931–1933 жылдардағы жаппай ашаршылық куәгерлерінің және олардың ұрпақтарының естеліктер сериясын дайындау және басып шығару» тақырыбындағы бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: ВР 24993018).

Дәйексөз үшін: Қаипбаева А.Т., Әбікей А.М. Қазақстандағы 1931–1933 жылдардағы жаппай ашаршылық мәселесіне тарихнамалық шолу // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 2. 456–470 бб. (Қазақш.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_2_456-470

ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР ПРОБЛЕМЫ МАССОВОГО ГОЛОДА 1931–1933 ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ

Айнагуль Толганбаевна Каипбаева¹, Арман Муратулы Абикей^{2*}

¹Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова
(д. 28, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник
 <https://orcid.org/0000-0002-3387-624X>. E-mail: aina_78@mail.ru

²Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова
(д. 28, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)
PhD (История), ведущий научный сотрудник
 <https://orcid.org/0000-0003-3078-3010>. E-mail: abikey.arm@gmail.com

*Корреспондирующий автор

© ИИЭ Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Каипбаева А.Т., Абикей А.М., 2025

Аннотация. *Введение.* История голода в Казахстане начала 1930-х годов является одной из малоизученных тем в отечественной историографии. Это объясняет растущий интерес общественности к данной теме. В статье дается краткий историографический обзор отечественной и зарубежной научной литературы и опубликованных источников по проблеме голода 1930-х годов. *Целью и задачами* данного исследования является выявление и объективный анализ пробелов в истории Казахстана в контексте политики формирования исторического сознания казахстанского общества; сравнительный анализ различных вариантов описания и интерпретации отечественной и зарубежной научной литературы, и опубликованных архивных источников по проблеме голода в Казахстане 1931–1933 годов. *Материалы и методы.* Основными материалами исследования являются монографические труды, сборники документов, статьи, опубликованные по теме отечественными и зарубежными исследователями. В качестве методологических подходов при проведении исследования были использованы принципы объективности и историзма. Кроме того, при изучении обозначенной проблемы использовались методы анализа, синтеза, ретроспективный, сравнительно-исторический и историко-типологический. *Результаты.* Описаны содержание и направленность исторических исследований в рассматриваемых работах, а также определены области, представляющие научный интерес. *Заключение:* Исследователи из Казахстана и ряда зарубежных стран внесли значительный вклад в изучение истории голода в Казахстане.

Ключевые слова: Казахстан, историография, голод, коллективизация, седентаризация, заготовка зерна, геноцид, демографический кризис

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта программно-целевого финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Подготовка и издание серии воспоминаний очевидцев массового голода 1931–1933 гг. в Казахстане и их потомков» (регистрационный номер: ВР 24993018).

Для цитирования: Каипбаева А.Т., Абикей А.М. Историографический обзор проблемы массового голода 1931–1933 годов в Казахстане // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 2. С. 456–470. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_2_456-470

Кіріспе

Қазақстандағы 1931–1933 жж. жаппай ашаршылық тақырыбын зерделеу – тарихи жадыны сақтау, тарихи тәжірибені зерделеу, әлеуметтік-психологиялық аспектілерін талдау, осындай қайғылы оқиғалардың алдын алу және қайғы-қасірет пен құрбандар санын тану үшін аса маңызды болғандықтан, отандық тарихнамадағы өзекті тақырыптардың алдыңғы қатарынан орын алады. Сындарлы кезең тақырыптарын ұжымдық жады мен тарихи санамызға дұрыс сіңіру, ұлттық болмыстың дұрыс қалыптасуына ықпал етері сөзсіз.

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев өзінің 2021 ж. 5-қаңтарындағы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында және 2023 ж. 17-маусымда Түркістандағы II Ұлттық Құрылтайдағы «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» баяндамасында және 2023 ж. 3-қаңтарында «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында тарихи сананы нығайту мәселесіне үлкен мән берген-ді. Себебі, өзінің мемлекеті мен ұлтының өткен тарихы жайлы танымы болмай, мемлекеттің прогрессивті дамуы мүмкін емес. Өткен ғасырдың 1931–1933 жылдардағы үлкен аштық зұлматы Ұлт жадында мәңгілікке жазылатын өткен тарихымыздың бір парасы. Отар елдің тарихын отарлаушы ел жазатындықтан, бұл аштық тарихы бойынша біздің білетінімізден білмейтін ақтандақ тұстары көп. Қазақ халқының қиын-қыстау кезеңдерінің шынайы тарихын зерделеу – тәуелсіздіктің қадірін жете түсініп, оны дәріптеуге жетелейді. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 4-ші онжылдығында тарих ғылымының алдында мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру барысында шетелдік және отандық тарих ғылымының әдіснамасы мен әдістемесінің қол жеткізілген деңгейін, жаңа тұжырымдамалық тәсілдер мен жаңа дереккөздерді ескере отырып, тарихи өткенді қайта қарауға байланысты жаңа міндеттер тұр. Тарихи дереккөздерге жүгіну арқылы ғана бұл күрделі және әлі де толық шешімін таппай келе жатқан мәселенің әдіснамалық және фактілік аспектілері бойынша дұрыс қорытынды жасауға болады.

Материалдар мен әдіс-тәсілдері

Мақаланы жазуда Қазақстанда 1930 жылдардың басындағы ашаршылық тақырыбы бойынша жарық көрген отандық және шетелдік зерттеушілердің деректі және монографиялық жұмыстары, құжаттар жинақтары, бұқаралық ақпарат құралдарында, жарияланған мақалаларды талдау негізінде жүргізілді. Зерттеу барысында әдістемелік тәсілдер ретінде объективтілік, тарихилық ұстанымдар басшылыққа алынды. Сонымен қатар, тақырыпты зерделеуде белгіленген мәселені зерттеудің проблемалық-хронологиялық, салыстырмалы-тарихи, тарихи-типологиялық және басқа әдістерінің маңызы зор болды.

Талқылау

Кеңес дәуірінде Қазақстанның көрнекті ғалымдарының аграрлық тарихына қатысты іргелі зерттеулері жарық көрді (Ә.Б. Тұрсынбаев, Г.Ф. Дахшлейгер, Б.Ә. Нұрпейісов Қ.Н. және т.б.). Маркстік-лениндік әдістеменің үстемдігі кезінде ашаршылықтың себептері қазақ даласын циклді түрде дүр сілкіндірген қуаңшылық, жұт, ауа райының қолайсыздығы т.б. табиғи апаттар салдарынан деп көрсетілді. Шығармаларда партия органдарының аштықпен күресудегі рөлі атап көрсетіліп, әсіресе, аштыққа қарсы күрес өз ұстанымдарын нығайту үшін қиындықтарды қолдануға тырысқан таптық жаудың қарсылығымен және байлар мен кулактардың мемлекеттің шешімдерінің орындалуына қарсы ел ішінде іріткі салу салдарымен байланыстылығына басымдық берілді (Дахшлейгер, 2015: 165). Дегенмен, кеңес тарихшыларының еңбектерінде коммунистік әдістеменің шектеулілігіне қарамастан құнды деректік материалдар, аштық жылдарға шолулар мен тұжырымдар бар.

1980 жылдардың аяғы мен 90 жылдардың басында қазақ ғалымдарының жаппай ашаршылық пен көші-қонға әкелген қазақ ауылындағы әлеуметтік-экономикалық деформация мәселелерін қарастырған еңбектері пайда болды. Олардың қатарында М.Қ. Қозыбаев, Қ.Н. Нұрпейісов, Қ.С. Алдажұманов, Т. Омарбеков, Ж.Б. Абылхожиннің еңбектері құнды. Аталған ғалымдардың еңбектері XX ғасырдағы Қазақстан тарихын зерттеудің теориялық-әдістемелік негізі болып табылады.

1930-шы жылдардағы ашаршылық туралы алғаш рет 1989 жылы М.К. Қозыбаев, Ж.Б. Абылхожин, М. Б. Тәтімовтердің «Қазақстандық қасірет» атты зерттеу мақалалары жарық көрді. Авторлар аштықты көшпелі және жартылай көшпелі қазақтардың ұжымдастыру саясатымен қатар «отырықшыландыруды» жүргізумен байланыстырды (Абылхожин және т.б., 1989: 53–71). Аталмыш мақала Кеңестік Қазақстан тарихының қасіретті беттерін бағалаудың әдіснамалық тұжырымдамаларын белгіледі, кейіннен оның көптеген ережелері «Қазақстандағы ұжымдастыру: шаруалар қасіреті» (Қозыбаев және т.б., 1992: 36) атты зерттеуге негіз болды. Белгілі демограф М. Тәтімов 1989 жылы мемлекеттік статистиканы талдау негізінде отырықшылық пен ұжымдастыру кезіндегі аштық пен індеттен өлгендердің шамамен саны: 2 миллион 20 мың адам, көшпелілер 616 мың, оның ішінде 205 мыңы шетелде (Тәтімов, 1989: 124), - деп көрсетті. Сонымен бірге аштық мәселесі бойынша демограф А.Б. Ғалиевтің «Голод в Казахстане 1932–1933 гг.» (Ғалиев, 1988: 11–16) атты зерттеуін және 1991 жылы М.Х. Асылбековпен бірлесіп шығарған «Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық процестер» кітабын (Асылбеков, Ғалиев, 1991: 192) атап өтуге болады. Докторлық диссертациясының авторефератында А.Б. Ғалиев аштықтан, аурудан және көші-қоннан қазақтардың демографиялық шығыны 1 610 000 адамды құрайтындығын көрсеткен (Ғалиев, 1994: 16). Дегенмен аталмыш тақырып аясында ғалымдар тарапынан іргелі зерттеулерге еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ден қойды.

Нәтижелер

1991 жылдың қараша мен 1992 жылдың желтоқсан айлары аралығында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Президиумының комиссиясы ұжымдастыру кезінде ашаршылыққа әкелген нормативтік құқықтық актілерді зерделеу бойынша жұмыс жасады. Оның қорытындысында қазақ этносы аса қатыгез геноцидке ұшырап, ашаршылық пен соған байланысты індеттерден, сондай-ақ табиғи өлімнің жоғары деңгейінен халық 2,2 миллион адам, яғни бүкіл халқының 49 пайызынан айырылды деп көрсетіледі (Егеменді Қазақстан: 1992).

1930-шы жылдардағы ашаршылық тақырыбына арналған алғашқы құжаттар жинағы 1998 жылы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Қазақстан Республикасы Президентінің Архивімен және Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архивімен бірлесе даярлауымен жарық көрді. (Насильственная коллективизация, 1998: 263). Сонымен қатар, ашаршылық тақырыбына қатысты архив құжаттарын жинау жұмыстарына өлкетанушылар да белсене атсалысты (Из истории величайшей, 2005: 268). Аталған мәселе ауқымында, Солтүстік Қазақстан халқының күнделікті өміріне аштықтың әсері туралы мәселе әлі де зерттеу үшін өзекті болып табылады. Осы орайда, ғалымдар Ж. Қасымбаев (Қасымбаев, 1998: 174), Ғ.А. Алпыспаева (Алпыспаева, 1997), сонымен қатар демограф А.Н. Алексеенко (Алексеенко, 1993: 126), Малышева М.П. (Малышева, 2002) және т.б. еңбектерін атауға болады. Жергілікті жерлердегі өлкетанушылардың ізденістері 1930-шы жылдардағы ашаршылықтың тұтас бейне-суретін сомдау үшін де аса маңызды жұмыс екенін атап өткен жөн.

Осы жылдардағы ашаршылық құрбандарының нақты жалпы санын анықтауда талпыныс танытып жүрген ғалымдар қатарында А.Н. Алексеенконы атап өтуге болады. Ол ашаршылықтан зардап шеккендер туралы қазақстандық тарихшылар мен демографтардың жарияланымдарын талдай келе, шығын санын анықтауға тырысқан. Оның есептеулерінде аштықтан зардап шеккендер ғана емес, сонымен бірге қуғын-сүргінге ұшырап, жер аударылғандар, яғни 1930 жылдардағы қазақ халқының жалпы шығыны да ескерілген. Демограф ғалым әр жас тобындағы адамдардың саны 1926 жылдан 1939 жылға дейін қанша өмір сүретінін бақылау үшін жасты жылжыту әдісін қолданған. Өзінің есептеулерінде ол 12 жыл ішінде табиғи себептерден қайтыс болғандар туралы мәліметтер жас топтарын салыстыру арқылы анықталған шығындардан алып тастаған. Барлық түзетулерді ескере отырып, оның айтуынша, тек қазақ халқының шығыны – 1840 мың адамды немесе 1930 ж. халық санының 47,3 %-ын құраған. Сонымен қатар Қазақстаннан 1 миллионға жуық қазақ босып кеткендігін жазған (Алексеенко, 2000: 19).

1992 жылы парламент комиссиясында жұмыс істеген және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивтерімен танысқан тарихшы Т. Омарбеков кеңес басшылары ашаршылық нәтижесіндегі халық шығынын әдейі төмендетіп көрсеткен деп есептейді. Ол 1931 жылдан 1933 жылға дейін ашаршылық құрбаны болған және көшіп кеткен қазақтардың нақты саны 3 млн-нан асқан деген қорытындыға келген. Т. Омарбеков 1997 жылы жарық көрген «20–30-жылдардағы Қазақстан қасіреті: көмекші оқу құралы» атты көлемді еңбегінде ашаршылық мәселесіне кеңінен тоқталады. Ғалым бұл еңбегінде ашаршылықтың алғышарттары болған астық пен ет дайындауға байланысты орталықтың төтенше шараларының ауыр зардаптарын, ірі бай меншіктерін тәркілеу мен ауқатты шаруаларды тап ретінде жою және оның қазақ қоғамы үшін ауыр салдарын зерделейді. Байлар мүлкін тәркілеуге және күштеп ұжымдастыруға қарсы 1929–1931 жылдары орын алған халық наразылықтарының ауқымы мен салдарына тоқталады. Қазақстанда жүргізілген осы науқандардың отырықшылыққа көшіруге ұласқаны – қазақтардың жаппай ашаршылыққа ұшырап, көрші елдерге ауа көшуіне мәжбүр еткендігін тарихшы ғалым жергілікті, сондай-ақ Ресей Федерациясының орталық архив құжаттары негізінде, нақты деректермен егжей-тегжей баяндайды (Омарбеков, 1997). Сол сияқты Т. Омарбековтың 2011 жылы жоғарыда аталған мәселелер толық қамтылған «Қазақстандағы аштық: себептері, ауқымы және нәтижелері (1930–1933)» атты антологиясы жарық көрді (Омарбеков, 2011: 203). Т. Омарбековтің «Арыс» баспасынан 2019 жылы жарық көрген Ашаршылық атты еңбегінде ғалымның соңғы отыз жыл бойы зерттеген Ашаршылық тақырыбының негізгі қорытындылары баяндалып, алапат аштықтың негізгі себептері анықталады. Тарихшы ғалым Қазақстандағы ашаршылықтың себебі – кеңестік биліктің ауыл шаруашылығындағы асыра-сілтеу реформалары мен науқаншылықтың нәтижесі деп есептейді. Қынадай қырылып, босқыншылыққа ұшыраған қазақтардың сан мөлшері архив деректерімен салыстырыла отырып нақтыланған (Омарбеков, 2019).

Е. Сыдықовтың Семей қаласында 2010 жылы шыққан «Гонимые голодом» құжаттар жинағында 1930-шы жылдардың басында аштықтан Сібірге бас сауғалаған қазақтар жөнінде мол ақпарат қамтылған (Сыдықов, 2010). Құжаттар жинағы бұрын-соңды болмаған ашаршылықтан бұрынғы Дала өлкесінің және Жетісу қазақтарының шекаралас Сібір жеріне босқыншылыққа ұшырағанын құжаттар негізінде айғақтайды. Құрастырушылар табылған материалдар негізінде Батыс және Шығыс Сібірге Қазақстан жерінен бұрынғы мәліметтерде айтылып жүргендей босып барған қазақ саны 50 мың емес, 100 мыңға жуық қазақ жан сауғалаған деген қорытындыға келеді. Және табылған құжаттар негізінде ашаршылықтан босқыншылыққа ұшыраған қазақтардың Сібір жеріндегі ареалын анағұрлым кең болғандығын көрсетеді (Гонимые голодом, 2010: 42). Жинақтағы құжаттарды орналастыру жүйесі хронологиялық реттілік бойынша тарауларға топталып, барлығы 359 құжат енгізілген. Мұнда бір реттік нөмірмен бірнеше құжаттар біріктіріліп берілген. Барлық жарияланған құжаттар Новосібір облысының мемлекеттік архивінен алынған. 1930 жылдан 1936 жылға дейін Батыс Сібірдің аймақтық әкімшілік орталығы болған Новосібірскінің 1930-жылдардағы облыстың партия және мемлекеттік органдарының (білім беру, денсаулық сақтау, азшылық ұлттар және т.б.) қазақтардың көршілес Сібірге қоныс аударуы туралы негізгі хат алмасулар (қаулылар, бұйрықтар, директивалар және т. б.) ұсынылған. Құрастырушылар Новосібір облысының мемлекеттік архив қорларынан әртүрлі үлгідегі қызметтік құжаттар келтірген: актілер, баяндамалар, есептер, жиналыс хаттамалары, хат-хабарлар, шағымдар және т.б. Келтірген құжаттар арқылы қазақтардың көршілес Сібірге қоныс аударуы туралы және босқын қазақтарды орналастыру және басқа көмек көрсету мәселелері қарастырылады. Ұсынылған архив материалдары аштықтан Сібір жеріне жан сауғалаған босқын қазақтардың және олардың балаларының мүшкіл халі туралы толық мәлімет береді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві ашаршылық тақырыбы бағытында ауқымды ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу нәтижесінде «Қазақ ауылының қасіреті 1928–1934 жж» архивтік құжаттар жинағын көпшілікке ұсынды. Жинақтың 1928–1929 жылдар кезеңін қамтитын бірінші томы 2013 жылы жарық көрсе (Трагедия

казахского аула, 2013), 1929–1932 жылдар кезеңін қамтитын екінші томы 2018 жылы жарық көрді (Трагедия казахского аула, 2018). Басылымда Қазақстан Республикасы Президенті архивінің және Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің құжаттары жинақталған. Құжаттар жинағының екінші томында дәстүрлі қазақ ауылының өміріндегі түбегейлі қайта құру: күштеп ұжымдастыру, байларды жою, отырықшылықтандыру үдерістерін қамтитын құжаттар жарияланған. Аса қатаң әкімшілік шаралармен жүргізілген бұл реформалар, сондай-ақ астық, мал етін дайындау және т.б. жаппай дайындау науқандары Қазақстандағы аштық дағдарысының күшеюіне, халықтың республикадан және елден тысқары босып кетуіне, қарулы қақтығыстарға, көтерілістерге әкелгендігін көрсетеді. Сол кезеңдегі елдегі нақты жағдай туралы мәліметтерді қамтитын бұл құжаттарға «құпия» және «өте құпия» деген белгілер қойылған және бұл құжаттардың басым бөлігі ғылыми айналымға алғаш рет енгізілген.

2022 жылы «ХХ ғ. 30-жылдардың басындағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі Орталық Азия республикаларына қазақ көшпелілерінің «босып бару және бейімделу» тақырыбындағы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мамандарының жетекшілігімен ғылыми жобаны жүзеге асыру нәтижесінде «Қазақтар Орталық Азияда: тарихы мен тағдырлары (1920–1950)» атты ұжымдық монографиясы жарық көрді. Онда 1930 жылдардағы ашаршылық мәселесі және ашаршылықтан босқындардың көршілес кеңестік Орта Азия республикаларының территориясына қоныс аударулары зерделенген (Казахи в Средней Азии..., 2022).

2021 жылы ашаршылық жылдарынан сыр шертетін бес томдық «Ашаршылық. Голод. 1928–1934. Документальная хроника» атты деректік шежіре жинағы жарық көрді. Бұл жинақтардың 1-ші томында 1928–1929 жылдары Қазақстанда жүргізілген байларды тәркілеу науқаны мен астық, ет дайындау науқандарына қатысты құжаттар жинақталған. Жинақтың 2–4 томдарын зерттеу тақырыбымызға қатысты аралықты, яғни 1930–1933 жылдарды қамтитын құжаттар мен материалдар құрайды. Осы үш томда Қазақстанның ауыл шаруашылығы экономикасын кеңестік жаңғырту кезеңінен дерек беретін құжаттар ұсынылған. Әр алуан дереккөздер қазақ ауылдарын күштеп ұжымдастыруға байланысты қайғылы оқиғаларды баяндап, бай мен кулактарды тап ретінде тәркілеу және жою саясатын ашады, қазақ ауылында шиеленіс пен наразылықтардың өсуін көрсетеді. Терең аграрлық дағдарыс қазақ даласындағы бұрын-соңды болмаған экономикалық катаклизмдердің, әлеуметтік-демографиялық сілкіністердің және кең ауқымды ашаршылықтың бастаушысы болғандығын дәйектеледі. Жинақта осы апаттың объективті көрінісін беретін сол дәуірдің құжаттары – декреттер, қаулылар, резолюциялар, хаттамалар, есептер, анықтамалар, статистикалық мәліметтер, азаматтардың өтініштері арқылы деректелген қайғылы оқиғалар баяндалады. Жалпы ұсынылған деректі шежіре Қазақстанның ауыл шаруашылығының ауқымды модернизациясын және оның қазақ халқы үшін зардаптарын көрсетеді.

Құжаттар жинағының 5-ші томы аштық куәгерлерінің естеліктеріне арналған. Естеліктер орталықтың индустрияландыруды ауыл шаруашылығы есебінен жүргізу саясатының нәтижесі мал өсірумен айналысып келген қазақ шаруаларына астық салығын міндеттеуге, ал ол өз кезегінде олардың тез арада кедейленуіне алып келгендігін көрсетеді. Көптеген естеліктерде қазақ қоғамы күтпеген модернизациялау саясатының дәйексіз, асығыс жүргізілгендігі айтылады. Естеліктер малынан, күнкөріс қорларынан айырылған халықтың тентіреп, босқын болып кеткендігін айғақтайды. Тіршілік көзі төрт түлік малы болған қазақ, малдан айырылған соң бірден қиын жағдайға душар болған. Мал басының күрт азаюы халықтың жағдайын нашарлатып, азық таба алмай ашығып, қырылуына ықпал етті. Естеліктер негізгінен осы шындықты дәлелдейді.

Тарихшы Сұлтан Әкімбековтің 2021 жылы жарық көрген «Революция мен ашаршылық аралығындағы қазақтар» атты кітабының мазмұны Ресейдегі азамат соғысы, Қазақ Кеңестік Социалистік автономиясының құрылуымен қатар, ашаршылық кезеңін де қамтиды. Мұнда КСРО-дағы экономика мен әлеуметтік өмірді түбегейлі жаңарту бағытындағы ұмтылыстар дәстүрлі қазақ қоғамына күйрете соққы берілгендігі жүйелі түрде баяндалады. Бұл КСРО-ның

көптеген аймақтарын шарпыған алапат ашаршылықтың маңызды себептерінің бірі болған. Автордың көрсетуінше мұндай экономикалық жаңғырту Қазақстанда аса ауыр шығындарға әкелуімен көрініс алған. Бұл қазақтардың үйреншікті әлемінің толық жойылуымен байланысты болды деп тұжырымдайды. Жалпы, қазақ қоғамы үшін 1930–1936 жылдар аралығы аса ауқымды сілкіністер кезеңі көптеген адамдардың өмірін қиған ашаршылық қасіреті мен бір мезгілде қоғамның дәстүрлі әлеуметтік құрылымының жойылуымен байланысты болды. Әлеуметтік құрылымына негізделген қазақ қоғамы өзінің тұтастығынан айрылды, демек, мемлекет үшін маңызын да жоғалтты. Қазақтар өздерінің бұрынғы құрылымынсыз КСРО-да құрылған түбегейлі жаңа мемлекеттік және қоғамдық жүйенің элементтеріне айналды. Енді қазақтардың алдында жаңа жағдайларға бейімделу міндеті тұрды және мұны бұрынғыдай қауым ретінде емес, жеке негізде жасау міндеті тұрды. Автор сонымен бірге қазақтар өзінің ұлттық-территориялық автономиясының шегінде өзінің субъективтілігін оның барлық формалдылығына қарамастан сақтап қалды, – деген тұжырым жасайды (Акимбеков, 2021: 496).

1931–1933 жылдардағы ашаршылықтың куәгерлері мен олардың ұрпақтарының естеліктерін жинау Қазақстанның барлық аймақтарындағы тарихшылардың маңызды міндеттерінің бір болып табылады. Осыған сәйкес Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мамандарының жетекшілігімен жүзеге асырылған «Қазақстандағы 1931–1933 жылдардағы жаппай ашаршылық куәгерлерінің және олардың ұрпақтарының естеліктер сериясын (20 томдық) дайындау және басып шығару» жобасы аясында көп сериялы басылымның Әулие-Ата өңіріндегі және Алматы облысындағы ашаршылыққа арналған І-ші (Әулие-Ата өңіріндегі, 2024) және ІІ-ші (Алматы облысындағы, 2024) томдары жарық көрді. Бұл жинақтарда аталған облыстардың ашаршылық куәгерлері мен олардың ұрпақтарының естеліктері топтастырылған. Ашаршылық куәгерлері мен олардың ұрпақтарының алғаш рет ғылыми айналымға енгізіліген естеліктері айтылған тарихтың маңызды үлгісі ретінде және ондағы мәліметтердің ашаршылық ақиқатын ашуға балама тарихи дерек ретінде де маңызы зор. Естеліктердегі қайта-қайта кездесетін ашаршылық туралы фактілердің мазмұны келесідей: 30-шы жылдардағы ұзаққа созылған қуаңшылық; аштықтың үкімет тарапынан мойындалмағандығынан көмектің көрсетілмегендігі; ауылшаруашылығындағы реформалардың қазақ халқының экономикалық тірегінің жойылуына алып келгендігі; үкіметтің астық пен малды күштеп тартып алуы. Сонымен қатар естеліктерде үкімет тарапынан ауылшаруашылығындағы жүргізілген реформалардың салдарынан қазақ отбасыларының бірте-бірте аштыққа қалай ұшырағандығы суреттеледі. Естеліктердегі мұндай сұхбаттар ашаршылықты зерттеуде үкіметтің құрғақ құжаттарының мазмұнын аша түсіп, қасіреттің жасырылған тұстарынан мол мәліметтер береді.

Сол сияқты осындай естеліктерге негізделген зерттеулердің қатарында А.Т. Абдуллинаның «Қазақстандағы 1930 жылдардағы ашаршылық туралы куәгерлердің естеліктері: деректану мәселелері және күнделікті өмірдің көрінісі» атты зерттеу мақаласын атауға болады (Абдуллина, 2021). Мақалада куәгерлердің ашаршылықты бастарынан өткергендігі жөнінде архивтердің жеке қорларында, жарияланған басылымдарда сақталған мемуарлары мен естеліктері негізінде баяндалады. Бұл дереккөздер ҚР Орталық мемлекеттік архивінің жеке қорларында сақталған белгілі қаламгерлердің, белсенді комсомол жастарының ашаршылық кезіндегі күнделікті өмірден сыр шертетін отбасылық және басқа оқиғалар жайында құжаттар топтамасынан алынған. Естеліктер негізінен көшпелілерді күштеп ұжымдастыру және отырықшыландыру жылдарында Қазақстандағы ауыр күнделікті өмір туралы мәліметтерді камтиды. Жоғарыда атап өткеніміздей мұндай, яғни ашаршылық объектісі болған куәгерлер деректері, сырттан берілген субъективті баяндауларды толықтыру мүмкіндіктерімен бағалы.

Қазақстан аумағындағы 1930-шы жылдардағы ашаршылық тақырыбы шетелдік зерттеушілердің де назарынан тыс қалған жоқ. КСРО-ның кезінде-ақ бұл тақырыпқа барған зерттеушілердің еңбектерінде әрине деректердің тапшылығы байқалды. Дегенмен шетел асқан, әсіресе украиндық «голодомор» куәгерлерінің КСРО-да миллиондаған адамды құрбан

қылған ашаршылықтың орын алғандығы туралы естеліктері батыс зерттеушілерінің осы мәселемен арнайы айналысуына түрткі болды. Батыс зерттеушілерінің басым бөлігі Қазақстандағы ашаршылықты Украинада болған ашаршылық контекстінде қарастырды. Алайда соңғы жылдары шетел зерттеушілері Қазақстандағы ашаршылықты жеке тақырып ретінде зерттеу нысанына ала бастады. Отандық тарихнамаға шетелде ертеде шыққан зерттеулердің де маңызы бар, себебі олардың әдістемелік тәсілі, мәселеге қатысты көзқарастардың түрлілігі мен тақырыптың даму сызығын бағамдау үшін де қажет.

КСРО ыдырағанға дейін 1930-шы жылдардағы ашаршылыққа қатысты шыққан еңбектердің қатарында Марта Брилл Олкоттың «Процесс коллективизации в Казахстане» атты зерттеу мақаласы (Олкотт, 1981) мен Роберт Конквесттің – «Жатва скорби. Советская коллективизация и террор голодом» монографиясы (Конквест, 1988) жарияланған. Жалпы Қазақстандағы 1930-шы жылдардағы ашаршылық жайлы тарихнама бұдан да ертеректе басталғанымен, бұл ғалымдардың аталмыш еңбектері әлемдік ғылыми қауымдастықта қазақ ашаршылығына деген қызығушылықты арттырып, осы бағытта шетелдік зерттеушілердің жаңа толқынының туындауына ықпал етті. 1981 жылы жазылған Марта Олкотт зерттеуінің ерекшелігі жалпы КСРО-да орын алған ашаршылық аясында Қазақстанды атап өтпей, еліміздегі ашаршылық апатын, оның ізашары болған ұжымдастыру науқанын арнайы тақырып етіп алғандығы. М. Олкоттың көлемді мақаласы темір перденің барында және архивтердің жабық уақытында жазылғанымен ҚазақАКСР-де дайындықсыз әрі тұрпайы жүргізілген ұжымдастыру науқанымен оған ұласқан аштық апатының ауқымдылығын объективті бере алып, батыс жұртшылығын қазақ халқының ұлттық деңгейде жойылып кету қаупін туғызған ашаршылық қасіретімен таныстырған.

Роберт Конквесттің жоғарыда аталған еңбегінде КСРО-ғы шаруалар мен партия арасындағы текетіресі және оның аштыққа ұласқан қайғылы салдары баяндалады. Басты назарда Украинадағы шаруалардың жағдайы, кулактардың тап ретінде жойылуы мен ашаршылық қарастырылған. Украинадағы ашаршылық шарттары мен салдарын КСРО-ның азиялық бөлігіндегі ашаршылықты салыстырмалы түрде зерделей отырып, ол қазақ жеріндегі орын алған аштық апатына да өзінің бағасын береді. Оның көрсетуінше: Бұрын-соңды отаршыл державалардың тарихында кездеспеген бұл адами және экономикалық апаттың себептері мен жағдайлары батыс мамандарының көңіл аударуына әбден лайық мәселе» деп, – қазақта болған ашаршылық апатының батыс тарихшыларының назарынан тыс қалып келе жатқанын меңзейді. Ол орталық пен жергілікті билік деректеріне сүйене отырып Қазақстандағы ауылшаруашылығының құлдырауына және аштықтың орын алуына қатысты Мәскеудің ашуын туғызған ашаршылықтан болған адам шығыны емес, сол ашаршылықтан экономиканың зардап шегуі еді, дейді. Мәскеу осыдан кейін жергілікті кадрлар арасында жаппай тазартулар жүргізеді (Конквест, 1988: 291). Конквесттің айтуынша, ашаршылық апаты экономикалық және саяси қателіктер салдарынан туындады деп айту, бұл тар мағынада түсінушілік, бірақ сөздің кең мағынасында оның тамыры – адамзат мәдениетін дұрыс түсінбеушілікте жатыр. Қазақстанда партиялық ойлаудың таңғаларлық механикалық сипаты мен үстірттігі өте айқын көрінді – деп, орталықтың жергілікті экономиканың негізімен санаспай, әкімшілік-әміршілдік басқарудың салдарына нұсқайды. Зерттеу жұмысында келтірген есептеулерге сәйкес, ашаршылықтың алғашқы жылдарында, яғни 1930-1931 жылдары қазақ халқының 15-20 пайызы республикадан тысқары: 300 000 Өзбекстанға, қалғандары кеңестік Орта Азияның басқа республикаларына және Қытайға босып кеткен. Көрші Орта Азия республикаларына барғандардың жағдайы, көшпей өз орнында қалғандармен бірдей болып, олардың көпшілігі үміттерін үзіп, кері оралған (Конквест, 1988: 294). Р. Конквест сонымен қатар, ашаршылық барысында жергілікті халықтарға деген биліктің қатынасын сипаттайтын дерек келтіреді: Челябинскінің лауазымды партия қызметкері шетелдік коммунистке: «Ашаршылық бізге Оралда, Батыс Сібірде және Поволжьеде жақсы қызмет атқарып берді. Бұл аудандарда ашаршылық салдарынан құрбан болғандар негізінен бізге жат халықтар. Олардың орнын орталық облыстардан қашқан орыстар басты. Біз, әрине, ұлтшыл емеспіз, бірақ бұл қолайлы жағдайды бағаламауға да болмайды – деп, Челябинскінің

партия қызметкері башқұрттар мен азиялық басқа да мұсылман халықтарының өлім-жітімінің жоғары болуын көбіне олардың бесжылдық міндеттемелеріне сәйкес көшпелі өмірден отырықшылыққа ауыса алмайтындығымен түсіндірген көрінеді (Конквест, 1988: 295). Ашаршылық апатынан пропорционалды түрде алғанда Украинаға қарағанда қазақ халқының көп бөлігі құрбан болған (Конквест, 1988: 297).

Ашаршылық тақырыбына арналған келесі еңбек, француз тарихшысы Изабель Огайонның «Сталин тұсында КСРО қазақтарын отырықшыландыру. Ұжымдастыру және әлеуметтік өзгерістер (1928-1945)» атты кітабы 2006 жылы жарық көрді (Огайон, 2009). Зерттеудің бірінші бөлімінде отырықшылыққа көшу қарсаңындағы қазақ ауылының әлеуметтік құрылымы қарастырылады. Екінші бөлімде 1929 жылдың көктеміндегі КСРО-дағы ұжымдастырудың стратегиялық негіздерін және олардың Қазақстанда жүзеге асырылу барысын сыни талдау негізінде отырықшыландырудың кеңестік жоспарын жүзеге асырудың саяси-идеологиялық мән-мәтініне тоқталады. Мұнда қазақ қоғамының қарсылық көрсету әдістері мен оның салдарын талдау арқылы билік саясатының мотивтері мен мемлекет пен қоғам арасындағы текетірестің орын алуы жан-жақты талданады. Кітаптың үшінші бөлімі қазақтардың ашаршылық пен жаппай көшіп кетуіне жалпы талдау жасауға арналған. Соңғы қорытынды бөлімінде үстем әлеуметтік-экономикалық үлгі мен қазақ мал шаруашылығы қоғамының өзара әрекеттесуінің нәтижесінде жаңа қазақ аграрлық қоғамы туралы ойлар қарастырылады. И. Огайон өзінің зерттеу еңбегінің кіріспе бөлімінде орталықтың Қазақстандағы реформаларына қатысты келесідей қысқаша тұжырым жасайды: Кеңестік ауылды ұжымдастыру тарихы утопиядан практикалық әрекеттерге дейін жаппай зорлық-зомбылық саясатына және онымен бірге жүретін терең күйзелістерге негізделген. Қазақ тәжірибесі шын мәнінде бірегей болып табылады: КСРО-ның басқа этностарына – украиндар немесе Солтүстік Кавказ халықтарына қарағанда – қазақ қоғамының өмір салты мен құндылықтар жүйесі түбегейлі және қайтымсыз өзгерістерге ұшырағанын айтпағанда, ауылды кеңестендіру салдарынан демографиялық апатқа ұшырап, халықтың 1/3 бөлігін (1,3 млн. адам) жоғалтты (Огайон, 2009: 10).

Украинадағы 1930-шы жылдардағы ашаршылық жайында 2010 жылы американдық тарихшы Норман Неймарк «Сталиндік геноцидтер» атты еңбегін көпшілікке ұсынды. Ғалымның зерттеу жұмысы украин халқының ашаршылығына арнағанымен Қазақ даласындағы ашаршылықты да айналып өтпеген. Ашаршылық құрбаны болған қазақтардың шығынын халықтың жалпы санына шаққанда ғалым келесідей тұжырым жасайды: Көшпелі және жартылай көшпелі ауылшаруашылық базасы кең Қазақстандағы ашаршылық Украинадағыдан да ауыр болды. Ашаршылықтан қайтыс болғандар саны 1,45 миллион адамға жетіп, жалпы қазақ халқының 38 пайызын құрады. Бұл Кеңес Одағындағы аштықтан зардап шеккен ұлттардың ішіндегі ең жоғары өлім көрсеткіші. Бұл қазақтардың көшпелі экономикасын күштеп «отырықшыландыру» саясаты арқылы талқандаудың қайғылы салдарын Мәскеудің елемей, ашаршылықтың басты себебі болды. Қазақтардың ашаршылыққа ұшыраған аймақтардан қашып кетуіне, қалалар мен елді мекендерге көмек сұрауына тосқауыл болған жоқ, бірақ олардың нашар күзетілген шекара арқылы Қытайға қашып кетуіне жол бермеуге тырысты. Көптеген қазақтар шетел асып қашпақ болғанда оққа ұшқан (Неймарк, 2010: 75). Норман Неймарк шетелдің басым зерттеушілері сияқты Қазақстандағы ашаршылыққа қатысты баға беруде нақты геноцид орын алғандығын жазады. Оның көрсетуінше ашаршылыққа ұшыраған қазақтар да, украиндар да азық іздеп Ресей мен Беларусь облыстарына барғанымен салыстырмалы түрде жылдам әрі тиімді көмек ала алмады. Сол сияқты Қазақстанда да, Украинада да халықтың ашаршылыққа ұшырағаны белгілі болғанымен билік кейбір ашаршылыққа ұшыраған басқа аймақтардағыдай күштеп реквизициялау шарттарын бірден жеңілдеткен жоқ. Осы және басқа да себептерге байланысты кейбір ғалымдар Мәскеудің мұндай пиғылына қатысты құжаттардың аздығына қарамастан, қазақ ашаршылығын геноцид деп атады. Ол сонымен қатар, ашаршылық мәселесін зерттеген Курт Йонассон сөзін келтіреді: «Қазақ халқының қасақана аштыққа ұшырауын қазақ зиялылары мен мәдениет қайраткерлерін тазартуларымен ұштастыруы, бұл геноцидтің айқын

көрінісі болып табылатынына күмән келтірмейді». Мәскеудің украин және қазақ ашаршылығына қатысты саясатының айқын мақсаттары бірдей болғанын, яғни осы халықтардың ерекше ұлттық және этникалық мәдениетімен тығыз байланысты белгілі бір өмір салтын жою болғанын ескерсек, Йонассонның тұжырымының дұрыс екенін көреміз (Неймарк, 2010: 76).

Роберт Киндлердің іргелі жұмысы қазақ руларын күштеп отырықшыландыру, ұжымдастыру жөніндегі кеңестік науқандары және сол науқандардың салдары болған ашаршылық жөніндегі жан-жақты зерттеу болып табылады (Киндлер, 2014). Автор Қазақстандағы ашаршылық қасақана жасалды деген пікірді құптамайды, бұл жөнінде ол орыс тарихнамасында айтылатын ұстаныммен пікірлес. Ол «геноцидтік ниетпен айыптау адамды апатқа ұшыраған халықтардың өздеріне қатыстылығын тексеру қажеттілігінен босатады» деп санайды. Өз ойын дамыта отырып, Киндлер әрі қарай былай деп жазады: «Адамдардың тағдырын қайсыбір абстрактілі «коммунистер» шешкен жоқ, көбінесе жергілікті партиядағылар, шаруалар, жұмысшылар аштықтың өмірі мен өліміне жауапты болды. Алайда украин тарихшылары да, олардың қазақ әріптестері де төменгі және орта әкімшілік буындағы кінәлілер мен олардың мотивтері туралы жазбайды» (Киндлер, 2014: 25). Дегенмен автор зерттеу гипотезасын әу бастан былай тұжырымдайды: «Қазақ көшпелілерінің отырықшылыққа көшуі «өзгіндегі» халықты азат ету бағдарламасы емес еді, және «жаңа адам» жасауды да мақсат еткен жоқ; сайып келгенде, ол негізінен большевиктердің билігін бекіту және даланың экономикалық ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалану үшін қызмет етті» (Киндлер, 2014: 14). Автор жасаған тұжырымдарын дәлелдеуде мол фактілер мен құжаттық деректер келтіреді.

Никколо Пианчиола 2018 жылы жариялаған «Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы үлкен ашаршылық туралы» мақаласында әрбір үшінші қазақстандықтың өмірін қиған апаттың басты себебі сталиндік жедел жаңғыртуда біліксіздік пен догматизм орын алғандығын алға тартады. Дәлірек айтқанда, қазақтардың кеңестік қоғамға жаппай күштеп интеграциялауда (толық мемлекеттік бақылау үшін) көшпелі өмір салты мен шаруашылығының ерекшеліктерін саналы түрде елемей, «идеалды түрдегі» модернизация үлгісін емес, практикалық жоспар ретінде ғана қабылдады. Бұл ашаршылық кезінде украиндықтарға қарағанда қазақтар арасындағы өлім-жітімнің салыстырмалы түрде жоғары болуын түсіндіреді (Пианчиола, 2018).

1930-шы жылдардағы ашаршылық жайлы соңғы жылдары жарық көрген шетелдік зерттеушілердің қатарында Сара Камеронның «Аштық жайлаған дала. Ашаршылық, озбырлық және кеңестік Қазақстанды орнату» атты еңбегі (Камерон, 2020). Камерон өзінің зерттеуінде Қазақстандағы ұжымдастыруды жаңа кеңес ұлтын құру және көшпелі қоғамды модернизациялау әрекеті ретінде қарастырады, бірақ сонымен бірге оны империялық отарлаудың кең контексті аясында да қарастырады. Ол қазақ даласындағы отаршылдық саясаттың (әсіресе Ресей империясының соңғы екі онжылдығы барысында) көшпелі өмір салтының елеулі өзгеруіне және экологиялық ортаның өзгеруіне әкелгенін айқын көрсетеді. Ресейдің еуропалық бөлігінен және Сібірден оңтүстікке шаруалардың жаппай қоныс аударуы далаға қысымды айтарлықтай арттырды: қазақтар өздерінің дәстүрлі жайылымдарынан қуылды, топырақтың тозуы басталды, су қоймалары құрғады, індеттердің таралу ықтималдығы артты және т.б. Мұның бәрі жағымсыз фон тудырып, кейіннен ашаршылықтың ауқымына әсер етті (Камерон, 2020: 26). Ғалым өзінің еңбегінде көшпелі қоғамды жаңғыртудың балама жолдары туралы айта отырып, 1920 жылдардың басында көптеген кеңестік агрономдардың көшпелі мал шаруашылығы Қазақстанның шөл-шөлейтті аймақтарын пайдаланудың ең тиімді жолы деген қорытындыларын келтіреді (Камерон, 2020: 71). Осыған байланысты Камерон Мәскеу басшылығының Қазақстандағы ұжымдастыру кезіндегі апатқа апаратын шешімдері жергілікті жағдайды білместіктің нәтижесі болған жоқ деп есептейді. Көптеген адамдардың қырғынға ұшырау қаупі белгілі болды, бірақ саяси және экономикалық мақсаттардың пайдасы үшін, ондай қауіп еленбеді. Ғалым ашаршылыққа баға беруде өзінің бейтарап ұстанымына қарамастан, бұл мәселеде ол «қазақ ашаршылығы

адамзатқа қарсы қылмыс болды» деген баға береді. Кітаптың үш тарауы ұжымдастыру мен ашаршылыққа, сондай-ақ олардың ізашары болған Голощекиннің «Кіші Қазан» науқанын арналған. Камерон 1928–1934 жылдардағы оқиғаларды хронологиялық ретпен ашып, егжей-тегжейлі баяндайды. Ғалымның осы баяндауларындағы ортақ желі – ұжымдастыруды ұйымдастыру мен дайындықтың нашарлығы, жергілікті деңгейде кадр тапшылығы, жергілікті халықтың өмірі мен мүддесіне немқұрайлы қарау, жергілікті белсенділер тарапынан түсінбеушілік, озбырлық, тонау, зорлық-зомбылық және босқыншылық. Ұрда-жық ұжымдастыру науқанына жауап ретінде көтерілістер мен шекаралас аудандарға қоныс аудару болды. Бұл оқиғалар жойқын әлеуметтік апатқа айналды, зауалдан белгілі бір дәрежеде сауығу бірнеше ондаған жылдар өткен соң ғана мүмкін болды (Камерон, 2020: 26).

Қорытынды

Тарихнамалық шолу көрсеткендей, өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы ашаршылық тарихын зерттеушілер еңбектерінде мәселенің барлық аспектілерін қарастыруға деген талпыныстың және отандық, шетелдік зерттеушілердің қызығушылықтарының артуын байқатады. Әсіресе соңғы онжылдықтарда Қазақстандағы ашаршылықты зерттеуде шетелдік авторлар ерекше белсенділік танытып, қазақстандық және ресейлік архивтерде осы тақырыпты жан-жақты зерттеп жүрген шетел тарихшыларының тұтас бір тобы қалыптасты. Олар Қазақстандағы ашаршылықтың ерекше сипатын Украинадағы аштықпен салыстыра отырып, ашаршылықтың айқын ұлттық ерекшелігін көрсетеді және оның орын алуындағы басты жауапкершілікті Одақтық орталыққа таңады. Қаралған зерттеулерде кеңестік модернизация аясындағы қазақтарды ұжымдастыру және отырықшыландыру науқандары шамадан тыс зорлық-зомбылық әдістерімен жүргізілген деген ұстаным ортақ. Ашаршылыққа қатысты шетелдік ғалымдардың зерттеулеріндегі ортақ кемшін тұсы – олардың негізінен орыс тіліндегі зерттеулерге сүйеніп, қазақ тіліндегі зерттеулерді пайдаланбауы. Мұндай олқылықты ресейлік зерттеушілері тарапы жайында да айтуға болады. Мұндағы кедергі боларлық тілдік факторды атасақ, шетелдік соңғы зерттеушілер қатарындағы С. Камерон өз еңбегінде отандық қазақ тілді зерттеулерді қолдана алғанын көреміз. Болашақта шетел зерттеушілерінің тарихнамасы қазақ тілді еңбектердің қатарымен толыға түссе, мәселенің объективті зерттелуіне ықпал етері сөзсіз.

Ғылыми айналымға енгізілген және талданған жаңа жазбаша және ауызша дереккөздер жаппай ашаршылық пен ұлттың демографиялық апаттың салдарын айқын көрсетеді. Зерттеулерде ұсынылған архивтік материал тақырыптың зерттеушілік базасын әлбетте кеңейтеді. Келешек ұрпаққа маңызды тарихи сабақ болатын осы қасіреттің толық объективті бейнесін сомдау, қазіргі ғалымдар алдындағы міндет. Сол кезең тарихи үдерістерін қалпына келтіру үшін, тарихшылар тек шынайы деректерге сүйенгені абзал.

Әдебиеттер

- Абдулина, 2021 — *Абдулина А.Т.* Воспоминания очевидцев о голоде 1930-х гг. в Казахстане: вопросы источниковедения и отражение повседневности // *Отан тарихы*, 2021. № 3 (95). С. 92–100.
- Абылхожин, 1989 — *Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б.* Казахская трагедия // *Вопросы истории*, 1989. № 7. С. 53–71.
- Акимбеков, 2021 — *Акимбеков С.* Казахи между революцией и голодом. А: ТОО «Институт Азиатских исследований», 2021. 584 с.
- Алексеев, 1993 — *Алексеев А.Н.* Население Казахстана. 1920–1990 гг. А: Ғылым, 1993. 126 с.
- Алексеев, 2000 — *Алексеев А.Н.* Население Казахстана в 1926–1939 гг. // *Компьютер и историческая демография*. Барнаул, 2000. С. 9–27.
- Алпысбаева, 1997 — *Алпысбаева А.* История города Акмолы (1832–1917 гг.). Автореф. дис. канд. истор. наук. Алматы, 1997.
- Асылбеков, Галиев, 1991 — *Асылбеков М.Х., Галиев А.Б.* Социально-демографические процессы в Казахстане (1917–1980). Алма-Ата: Ғылым, 1991. 192 с.
- Ашаршылық. Голод, 2021 — *Ашаршылық. Голод. 1928–1934.* Документальная хроника. Сборник документов. Т. 1. 1928–1929. А: Атамұра, 2021. 920 с.
- Ашаршылық. Голод, 2021 — *Ашаршылық. Голод. 1928–1934.* Документальная хроника. Сборник документов. Т. 2. 1930–1931. А: Атамұра, 2021. 1240 с.

- Ашаршылық. Голод, 2021 — *Ашаршылық. Голод. 1928–1934. Документальная хроника. Сборник документов. Т. 4.* Нур-Султан: Фолиант, 2021. 776 с.
- Ашаршылық. Голод, 2021 — *Ашаршылық. Голод. 1928–1934. Документальная хроника. Сборник документов. Т. 5.* Нур-Султан: Фолиант, 2021. 604 с.
- Галиев, 1988 — *Галиев А.Б. Голод в Казахстане 1932–1933 гг. // Заря. 1988. № 11. С. 11–16.*
- Галиев, 1994 — *Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в многонациональном Казахстане (1917–1980).* Автореф. дисс. ... докт. ист. наук. Алматы, 1994. 53 с.
- Дахшлейгер, 1965 — *Дахшлейгер Г.Ф. Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана (1921–1929 гг.).* Алма-Ата, 1965. 536 с.; Нурпеисов К.Н. Крестьянские Советы Казахстана (1917–29). Алма-Ата: Илим, 1972. 348 с.
- Дахшлейгер, 2015 — *Дахшлейгер Г. Избранные труды.* А: Елтаным, 2015. 616 с.
- Егеменді Қазақстан, 1992 — *Егеменді Қазақстан, 1992. 22 желтоқсан.*
- Из истории величайшей..., 2005 — *Из истории величайшей трагедии казахского народа 1932–1933 гг.* Сборник. Семипалатинск, 2005. 268 с.
- Казахи в Средней Азии..., 2022 — *Казахи в Средней Азии: истории и судьбы (1920–1950 гг.).* 3.Е. Кабульдинов, К.Н. Балтабаева, А.М. Джумашев, М.Ч. Калыбекова, Д.Б. Касимова, Т.А. Рыскулов. А: Мадияр ЖК, 2022. 320 б.
- Камерон, 2020 — *Камерон С. Голодная степь: голод, насилие и создание Советского Казахстана.* М.: Новое литературное обозрение, 2020. 490 с.
- Касымбаев, 1998 — *Касымбаев Ж.К. История Акмолы (XIX – начало XX века): исследования, источники, комментарии.* Ж.К. Касымбаев, Н.Ж. Агубаев. А: Жеті жарғы, 1998. 174 с.
- Киндлер, 2017 — *Киндлер Р. Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане.* Пер. с нем. Л. Пантиной. М.: 2017. 382 с.
- Козыбаев және т.б., 1992 — *Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов Х.С. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства.* А: АН РК, 1992. 36 с.
- Конквест, 1988 — *Конквест Р. Жатва скорби. Советская коллективизация и террор голодом.* Пер. с англ. Козн И., Май Н. London. 1988. 620 с.
- Костанайская область..., 2001 — *Костанайская область: прошлое и настоящее: в 2 ч. под ред. И.К. Тернового. Костанай: Печатный двор, 2001. Ч. 1. 401 с.*
- Кустанай-Костанай, 2012 — *Кустанай-Костанай. Очерки истории. С древнейших времен до 1936 года. Костанай: костанайполиграфия, 2012. 608 с.*
- Малышева, 2002 — *Малышева М.П. Казахи в Сибири в период демографических кризисов (1919–1934 гг.).* Автореф. дис. докт. истор. наук. Алматы, 2002.
- Насильственная коллективизация..., 1998 — *Насильственная коллективизация и голод в Казахстане. Сборник документов.* А: Фонд XXI век, 1998. 263 с.
- Огайон, 2009 — *Огайон И. Седentarизация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения. (1928–1945 гг.)* Пер. с франц. А. Ракишева. А: Санат, 2009. 368 с.
- Олкотт, 1981 — *Олкотт М.Б. Процесс коллективизации в Казахстане. «Русское ревю», 1981. 136 с.*
- Омарбеков, 1997 — *Омарбеков Т. 20–30-жылдардағы Қазақстан қасіреті. Көмекші оқу құралы.* Алматы: Санат, 1997. 320 б.
- Омарбеков, 2011 — *Омарбеков Т. Голодомор в Казахстане: причины, масштабы и итоги 1930–1933 гг.).* Хрестоматия. Алматы: Қазақ университеті, 2011. 203 с.
- Омарбеков, 2019 — *Омарбеков Т. Ашаршылық.* А: Арыс, 2019. 80 б.
- Пианчола, 2018 — *Пианчола Н. Сталинская «Иерархия Потребления и Великий Голод 1931–1933 гг. в Казахстане».* Ab Imperio 2/2018. С. 80–116.
- Сыдыков, 2010 — *Сыдыков Е.Б. Гонимые голодом. Сборник документов. Составитель: Е.Б. Сыдыков. Семей, 2010. 693 с.*
- Татимов, 1989 — *Татимов М.Б. Социальная обусловленность демографических процессов.* А: Наука, 1989. 128 с.
- Трагедия казахского аула, 2013 — *Трагедия казахского аула. 1928–1934. Сборник документов. Т. 1.* А: Раритет, 2013. 743 с.
- Трагедия казахского аула, 2018 — *Трагедия казахского аула. 1928–1934: Сборник документов. Т. 2.* А: Раритет, 2018. 744 с.
- Турсунбаев, 1967 — *Турсунбаев А. Казахский аул в трех революциях.* А: Казахстан, 1967. 481 с.
- 1931–1933 жылдардағы ашаршылық: Алматы ..., 2024 — *1931–1933 жылдардағы ашаршылық: Алматы облысы бойынша нәубет куәгерлері мен ұрпақтарының естеліктері. Сұхбат материалдарының жинағы. Көптомдық. II т. А: «Радуга», 2024. 336 б.*
- 1931–1933 жылдардағы ашаршылық: Әулие-Ата ..., 2024 — *1931–1933 жылдардағы ашаршылық: Әулие-Ата өңіріндегі нәубет куәгерлері мен ұрпақтарының естеліктері. Сұхбат материалдарының жинағы. Көптомдық. I т. А: «Радуга», 2024. 352 б.*

References

- Abdullina, 2021 — *Abdullina A.T.* Vospominaniya ochevidtsev o golode 1930-kh gg. v Kazakhstane: voprosy istochnikovedeniya i otrazhenie povsednevnosti [Eyewitness memories of the famine of the 1930s in Kazakhstan: issues of source studies and reflection of everyday life.]. // *Otan tarikhy*, 2021. № 3 (95). Pp. 92–100. (In Russ.).
- Abylhozhin, 1989 — *Abylhozhin Zh.B.*, *Kozybayev M.K.*, *Tatimov M.B.* Kazhstanskaya tragediya [The Kazakh tragedy] // *Voprosy istorii*. 1989. No. 7. Pp. 53–71. (In Russ.).
- Akimbekov, 2021 — *Akimbekov S.*, *Kazakhi mezhdu revolyutsiei i golodom* [Kazakhs between the revolution and famine]. Almaty: Institute of Asian Studies LLP, 2021. 584 p. (In Russ.).
- Alekseenko, 1993 — *Alekseenko A.N.* Naselenie Kazakhstana. 1920–1990 gg. [The population of Kazakhstan. 1920–1990.]. Almaty: Gylym, 1993. 126 p. (In Russ.).
- Alekseenko, 2000 — *Alekseenko A.N.* Naselenie Kazakhstana v 1926–1939 gg. [Population of Kazakhstan in 1926–1939]. // *Komp'yuter i istoricheskaya demografiya*. Barnaul. 2000, Pp. 9–27. (In Russ.).
- Alpysbaeva, 1997 — *Alpysbaeva A.* Istorija goroda Akmoly (1832–1917 gg.). [The history of the city of Akmola (1832–1917)]. Avtoref. dis. kand. istor.nauk. Almaty, 1997. (In Russ.).
- Asharshylyk. Golod, 2021 — *Asharshylyk. Golod.* 1928–1934. Dokumental'naja hronika. Sbornik dokumentov. T. 1.: 1928–1934. [Famine. Documentary Chronicle. Collection of documents]. Almaty: Atamura, 2021. 920 p. (In Russ.).
- Asharshylyk. Golod, 2021 — *Asharshylyk. Golod.* 1928–1934. Dokumental'naja hronika. Sbornik dokumentov. T. 2.: 1930–1931. [Famine. Documentary Chronicle. Collection of documents]. Almaty: Atamura, 2021. 1240 p. (In Russ.).
- Asharshylyk. Golod, 2021 — *Asharshylyk. Golod.* 1928–1934. Dokumental'naja hronika. Sbornik dokumentov. T. 4. [Famine. Documentary Chronicle. Collection of documents]. Nur-Sultan: Foliant, 2021. 776 p. (In Russ.).
- Asharshylyk. Golod, 2021 — *Asharshylyk. Golod.* 1928–1934. Dokumental'naja hronika. Sbornik dokumentov. T. 5. [Famine. Documentary Chronicle. Collection of documents]. Nur-Sultan: Foliant, 2021. 604 p. (In Russ.).
- Asylbekov, Galiev, 1991 — *Asylbekov M.H.*, *Galiev A.B.* Social'no-demograficheskie processy v Kazakhstane (1917–1980). [Socio-demographic processes in Kazakhstan (1917–1980)]. Alma-Ata: Gylym, 1991. 192 p. (In Russ.).
- Dahshlejger, 1965 — *Dahshlejger G.F.* Social'no-jekonomicheskie preobrazovaniya v aule i derevne Kazakhstana (1921–1929 gg.). [Social and economic transformations in the villages and auls of Kazakhstan (1921–1929)]. Alma-Ata, 1965. 536 p. (In Russ.).
- Dahshlejger, 2015 — *Dahshlejger G.* Izbrannye trudy. [Selected works]. Almaty: Eltanym, 2015. 616 p. (In Russ.).
- Egemendi Kazakhstan, 1992 — *Egemendi Kazakhstan*, 1992. 22 zheltoksan. (In Kaz.).
- Galiyev, 1988 — *Galiyev A.B.* Golod v Kazakhstane 1932–1933 gg. [Famine in Kazakhstan 1932–1933]. // *Zarja*, 1988. No. 11. Pp. 11–16. (In Russ.).
- Galiyev, 1994 — *Galiyev A.B.* Social'no-demograficheskie processy v mnogonacional'nom Kazakhstane (1917–1980). [Socio-demographic processes in multinational Kazakhstan (1917–1980)]. Avtoref. diss. ... dokt. ist. nauk. Almaty, 1994. 53 p. (In Russ.).
- Iz istorii velichajshej tragedii..., 2005 — *Iz istorii velichajshej tragedii kazahskogo naroda 1932–1933 gg.* Sbornik. [From the history of the greatest tragedy of the Kazakh people in 1932–1933. Collection.]. Semipalatinsk, 2005. 268 p. (In Russ.).
- Kameron, 2020 — *Kameron S.* Golodnaja step': golod, nasilie i sozdanie Sovetskogo Kazakhstana. [The Hungry Steppe: Famine, Violence and the Creation of Soviet Kazakhstan]. Moscow: Novoe literaturnoe obozrenie, 2020. 490 p. (In Russ.).
- Kasymbaev, 1998 — *Kasymbaev Zh.K.* Istorija Akmoly (XIX – nachalo XX veka): issledovaniya, istochniki, kommentarii [The history of Akmola (XIX – early XX century): research, sources, comments]. Zh.K. Kasymbaev, N.Zh. Agubaev. Almaty: Zheti zhargy, 1998. 174 p. (In Russ.).
- Kazahi v Srednej Azii..., 2022 — *Kazahi v Srednej Azii: istorii i sud'by (1920–1950 gg.)* [Kazakhs in Central Asia: Stories and Destinies (1920–1950)]. Z.E. Kabul'dinov, K.N. Baltabaeva, A.M. Dzhumashev, M.Ch. Kalybekova, D.B. Kasymova, T.A. Ryskulov. Almaty: «Madiyar», 2022. 320 p. (In Russ.).
- Kindler, 2017 — *Kindler R.* Stalinskie kochevniki: vlast' i golod v Kazakhstane. [Stalin's Nomads: Power and famine in Kazakhstan.]. Per. s nem. L. Pantinoi. - M., 2017. 382 p. (In Russ.).
- Kostanajskaya oblast', 2001 — *Kostanajskaya oblast': proshloe i nastojashhee: v 2 ch.* [Kostanay region: past and present: in 2 p.]. pod red. I. K. Ternovogo. Kostanaj: Pechatnyj dvor, 2001. Ch. 1. 401 p. (In Russ.).
- Kozybayev et al., 1992 — *Kozybayev M.K.*, *Abylhozhin Zh.B.*, *Aldazhumanov H.S.* Kollektivizaciya v Kazakhstane: tragediya krest'janstva. [Collectivization in Kazakhstan: the tragedy of the peasantry]. Almaty: AN RK, 1992. 36 p. (In Russ.).
- Kustanaj-Kostanaj, 2012 — *Kustanaj-Kostanaj.* Ocherki istorii. S drevnejshih vremen do 1936 goda [Kostanay-Kostanay. Essays on history. From ancient times to 1936]. Kostanaj: kostanajpoligrafija, 2012. 608 p. (In Russ.).
- Malysheva, 2002 — *Malysheva M.P.* Kazahi v Sibiri v period demograficheskikh krizisov (1919–1934 gg.) [Kazakhs in Siberia during demographic crises (1919–1934)]. Avtoref. dis. dok. istor. nauk. Almaty, 2002. (In Russ.).
- Nasil'stvennaya kollektivizaciya..., 1998 — *Nasil'stvennaya kollektivizaciya i golod v Kazakhstane.* [Forced Collectivization and Famine in Kazakhstan]. Sbornik dokumentov. Almaty: Fond XXI vek, 1998. 263 p. (In Russ.).

- Nurpeisov, 1972 — Nurpeisov K.N. Krest'janskije Sovety Kazahstana (1917–29). [Peasant Councils of Kazakhstan (1917–29)]. Almaty: Ilim, 1972. 348 p. (In Russ.).
- Ogaion, 2009 — *Ogaion I.* Sedentarizatsiya kazakhov SSSR pri Staline. Kollektivizatsiya i sotsial'nye izmeneniya. (1928–1945 gg.) [Sedentarization of Kazakhs of the USSR under Stalin. Collectivization and social changes. (1928–1945)]. Per. s frants. A. Rakisheva. Almaty, 2009. 368 p. (In Russ.).
- Olkott, 1981 — *Olkott M.B.* Protsess kollektivizatsii v Kazakhstane. [The process of collectivization in Kazakhstan.] «Russkoe revyu», 40, aprel' 1981, 136 p. (In Russ.).
- Omarbekov, 1997 — Omarbekov T. 20–30-zhyldardagy Qazaqstan kasireti. Komekshi oku kuraly. [The Tragedy of Kazakhstan in the 20s and 30s] Almaty: Sanat, 1997. 320 p. (In Kaz.).
- Omarbekov, 2011 — *Omarbekov T.* Golodomor v Kazahstane: prichiny, masshtaby i itogi 1930–1933 gg.) [Holodomor in Kazakhstan: causes, scale and results of 1930–1933]. Hrestomatija. Almaty: Kazak universiteti, 2011. 203 p. (In Russ.).
- Omarbekov, 2019 — Omarbekov T. Asharshylyk. [Famine]. Almaty: Arys, 2019. 80 p. (In Kaz.).
- Pianchola, 2018 — Pianchola N. Stalinskaya «Ierarkhiya Potrebleniya i Velikii Golod 1931–1933 gg. v Kazakhstane» [Stalin's "Hierarchy of Consumption and the Great Famine of 1931–1933 in Kazakhstan"]. Ab Imperio 2/2018. Pp. 80–116. (In Russ.).
- Sydykov, 2010 — Sydykov E.B. Gonimye golodom. Sbornik dokumentov. [Driven by hunger] / Sostavitel': E.B. Sydykov. Semei, 2010. 693 p. (In Russ.).
- Tatimov, 1989 — *Tatimov M.B.* Social'naja obuslovlennost' demograficheskikh processov. [Social conditionality of demographic processes]. Alma-Ata: Nauka, 1989. 128 p. (In Russ.).
- Tragediya kazakhskogo ayla, 2013 — Tragediya kazakhskogo ayla. 1928–1934. [The tragedy of the Kazakh village. 1928–1934.] Sbornik dokumentov. T. 1. Almaty: Raritet, 2013. 743 p. (In Russ.).
- Tragediya kazakhskogo ayla, 2018 — Tragediya kazakhskogo ayla. 1928–1934. [The tragedy of the Kazakh village. 1928–1934.] Sbornik dokumentov. T. 2. Almaty: Raritet, 2018. 744 p. (In Russ.).
- Tursunbaev, 1967 — *Tursunbaev A.* Kazahskij aul v treh revolyuciyah. [Kazakh village in three revolutions]. Alma-Ata: Kazakhstan, 1967. 481 p. (In Russ.).
- 1931–1933 zhyldardagy asharshylyk: Almaty ..., 2024 — *1931–1933 zhyldardagy asharshylyk: Almaty* oblysy boiynsha naubet kuagerleri men urpaktarynyn estelikteri. [The famine of 1931–1933: Memoirs of eyewitnesses and descendants of the famine in the Almaty region.] Sukhbat materialdarynyn zhinary. Koptomdyk. II t. Almaty: «Raduga», 2024. 336 p. (In Kaz.).
- 1931–1933 zhyldardagy asharshylyk: Aulie-Ata ..., 2024 — *1931–1933 zhyldardagy asharshylyk: Aulie-Ata* onirindegi naubet kuagerleri men urpaktarynyn estelikteri. [Famine of 1931–1933: Memoirs of eyewitnesses and descendants of the famine in the Auli-Atina region.] Sukhbat materialdarynyn zhinary. Koptomdyk. I t. Almaty: «Raduga», 2024. 352 p. (In Kaz.).

МАЗМҰНЫ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

Алпысбес М.А. ШҮРШТҚЫРЫЛҒАН ШАЙҚАСЫ ХАЛЫҚТЫҢ ТАРИХИ ЖАДЫСЫНДА.....	327
Ногайбаева М.С., Шакирбаева И.Т. КЕЙІНГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘРТЕБЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	343

ТАРИХ

Адилова Ф.А., Колумбаева З.Е., Серубаева А.Т. ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ҚАРҚАРАЛЫ ПЕТИЦИЯСЫНДАҒЫ ДІН МӘСЕЛЕСІ (XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы).....	356
Азирбекова А.Ж., Абишева Ж.Р. ГЕРЖОД ІСІ: АШЫЛМАҒАН АҚИҚАТ.....	367
Алпыспаева Г.А., Жұман Г., Аубакирова Х.А. XX ҒАСЫРДЫҢ 50–80-ші ЖЖ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕКТЕП БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДІНГЕ ҚАРСЫ ТӘРБИЕ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	382
Бекмағамбетова М.Ж., Бекмағамбетов Р.К., Бимолданова А.А. 1950 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ «ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАТЕЛІКТЕР».....	399
Белялова А., Қаипбаева А.Т. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ ЭТНИКАЛЫҚ ТОПТАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ (1931–1933 жж.).....	415
Дүйсембаева Н.Б., Жұматай С. XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ «МАМАНИЯ» МЕКТЕБІНІҢ ОРНЫ.....	427
Жолсеитова М.А. ОТАРЛЫҚ БІЛІК КОНТЕКСТІНДЕГІ МҰСЫЛМАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ: САЯСИ СТРАТЕГИЯЛАР МЕН ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ДИСКУРСЫҢ ҒЫЛЫМИ ТАЛДАУЫ.....	442
Қаипбаева А.Т., Әбікей А.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1931–1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАППАЙ АШАРШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІНЕ ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ.....	456
Легкий Д.М., Турежанова С.А., Нурушева Г.К. ҚАЗАҚ КСР-ІНДЕГІ МҰҒАЛІМДЕР ДАЯРЛАУ ТАРИХЫНАН (1950 ЖЫЛДАРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ).....	471
Мәлікова С.З., Абуов Н.А. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ АШТЫҚ ТАРИХЫ.....	488
Мұқанова Г.Қ., Ахметжанова А.Т. ДАЛА ОБЛЫСТАРЫНЫҢ ҰЕЗДІК БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ НАРАЗЫЛЫҚ ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫ. XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ-XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ.....	501
Мұхатова О.Х. АШТЫҚ ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОРҒАНСЫЗ БАЛАЛАР ЖАҒДАЙЫ.....	516
Сағнайқызы С., Сартаев С.А., Нусупбаева С.А. ТҰРАҚТЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕТ ДАЙЫНДАУ МЕН ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА ҚАҒИДАТТАРЫНЫҢ БАЙЛАНЫСЫ (1927–1932).....	531
Сүлейменова Қ., Дауытбекова М.Қ., Құрманалина Н.Н. ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ОРНЫ (XVIII ғ.).....	543
Хайдаров Е.Е. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ НАРАЗЫЛЫҒЫ (1928–1932 жж.).....	559
Эгамбердиев М.Ш., Тургунбаев Е.М. ИМПЕРИЯЛЫҚ МОДЕРНИЗАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ДІНИ ТРАНСФОРМАЦИЯ.....	575

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Нұрланқызы Г., Бекназаров Р.А. АҚТӨБЕ – ПОЛИЭТНИКАЛЫҚ ҚАЛА (1869–1946 ЖЖ.): ТАРИХИ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ.....	589
Хабибуллин Е.И., Асылғожин А.Р., Рыскильдин А.Х. ГЕНЕТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР БОЙЫНША БАШҚҰРТТАРДЫҢ ҚЫПШАҚ ЖӘНЕ ТУЫСҚАН РУЛАРЫ (ТАЙПАЛАРЫ).....	603

СОДЕРЖАНИЕ

ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

Алпысбес М.А. БИТВА ШУРШУТКЫРЫЛГАН В ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ НАРОДА.....	327
Ногайбаева М.С., Шакирбаева И.Т. ПРОБЛЕМЫ СОЦИАЛЬНОГО СТАТУСА В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ ПОЗДНЕГО СРЕДНЕВЕКОВЬЯ...	343

ИСТОРИЯ

Адилова Ф.А., Колумбаева З.Е., Серубаева А.Т. РЕЛИГИОЗНЫЙ ВОПРОС В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В КАРКАРАЛИНСКОЙ ПЕТИЦИИ (конец XIX – начало XX вв.).....	356
Азирбекова А.Ж., Абишева Ж.Р. ДЕЛО ГЕРЖОДА: НЕРАСКРЫТАЯ ПРАВДА.....	367
Алпыспаева Г.А., Жуман Г., Аубакирова Х.А. АНТИРЕЛИГИОЗНОЕ ВОСПИТАНИЕ В СИСТЕМЕ ШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА В 50–80-Е ГГ. XX ВЕКА: ИСТОРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ.....	382
Бекмагамбетова М.Ж., Бекмагамбетов Р.К., Бимоланова А.А. «ИДЕОЛОГИЧЕСКИЕ ОШИБКИ» В ШКОЛЬНЫХ УЧЕБНИКАХ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ В 1950-Е ГОДЫ.....	399
Беялова А., Каипбаева А.Т. ПОЛОЖЕНИЕ ЭТНИЧЕСКИХ ГРУПП В КАЗАХСТАНЕ В ГОДЫ ГОЛОДА (1931–1933 гг.).....	415
Дуйсембаева Н.Б., Жуматай С. МЕСТО ШКОЛЫ «МАМАНИЯ» В ОБРАЗОВАНИИ НАЧАЛА XX ВЕКА.....	427
Жолсеитова М.А. МУСУЛЬМАНСКАЯ СИСТЕМА ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ КОЛОНИАЛЬНОЙ ВЛАСТИ: НАУЧНЫЙ АНАЛИЗ ПОЛИТИЧЕСКИХ СТРАТЕГИЙ И ИДЕОЛОГИЧЕСКОГО ДИСКУРСА.....	442
Каипбаева А.Т., Абиkey А.М. ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР ПРОБЛЕМЫ МАССОВОГО ГОЛОДА 1931–1933 ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ.....	456
Легкий Д.М., Турежанова С.А., Нурушева Г.К. ИЗ ИСТОРИИ ПОДГОТОВКИ УЧИТЕЛЬСКИХ КАДРОВ В КАЗАХСКОЙ ССР (ПЕР. ПОЛ. 1950-Х ГГ.).....	471
Маликова С.З., Абуов Н.А. ИСТОРИЯ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ И ГОЛОДА В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ.....	488
Муканова Г.К., Ахметжанова А.Т. ПРОТЕСТНЫЕ ПУБЛИКАЦИИ КАЗАХСКИХ ИНТЕЛЛЕКТУАЛОВОБ УЕЗДНОМ УПРАВЛЕНИИ СТЕПНЫХ ОБЛАСТЕЙ. РУБЕЖ XIX–XX ВЕКОВ.....	501
Мухатова О.Х. ПОЛОЖЕНИЕ БЕСПРИЗОРНЫХ ДЕТЕЙ В ГОДЫ ГОЛОДА.....	516
Сагынайкызы С., Сартаев С.А., Нусупбаева С.А. УСТОЙЧИВОЕ СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО: СВЯЗЬ МЕЖДУ ЗАГОТОВКОЙ МЯСА И ПРИНЦИПАМИ ЗЕЛЕННОЙ ЭКОНОМИКИ В КАЗАХСТАНЕ (1927–1932).....	531
Сулейменова К., Дауытбекова М.К., Курманалина Н.Н. РОЛЬ КАЗАХСКИХ БАТЫРОВ В ДИПЛОМАТИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЯХ (XVIII В.).....	543
Хайдаров Е.Е. КОЛЛЕКТИВИЗАЦИЯ И НАРОДНЫЕ ПРОТЕСТЫ В ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ (1928–1932 гг.).....	559
Эгамбердиев М.Ш., Тургунбаев Е.М. РЕЛИГИОЗНАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ В УСЛОВИЯХ ИМПЕРСКОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ.....	575

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Нурлановна Г., Бекназаров Р.А. АКТОБЕ – ПОЛИЭТНИЧЕСКИЙ ГОРОД (1869–1946): ИСТОРИКО-ЭТНОГРАФИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ.....	589
Хабибуллин Е.И., Асылгужин А.Р., Рыскильдин А.Х. КИПЧАКСКИЕ И СВЯЗАННЫЕ С НИМИ КЛАНЫ (ПЛЕМЕНА) БАШКИР ПО ДАННЫМ ГЕНЕТИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ.....	603

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Alpysbes M.A. THE BATTLE OF THE SHURSHITQYRYLGAN IN THE HISTORICAL MEMORY OF THE PEOPLE.....	327
Nogaybayeva M.S., Shakirbayeva I.T. PROBLEMS OF SOCIAL STATUS IN LATE MEDIEVAL KAZAKH SOCIETY.....	343

HISTORY

Adilova F.A., Kolumbaeva Z.E., Serubayeva A.T. THE PROBLEM OF RELIGION THE KARKARALIN PETITION IN THE KAZAK STEPPE (late XIX-early XX th centuries).....	356
Azirbekova A.J., Abisheva J.R. GERZHOD'S CASE: THE UNREVEALED TRUTH.....	367
Alpyspaeva G., Zhuman G., Aubakirova H. ANTIRELIGIOUS UPBRINGING IN THE SCHOOL EDUCATION SYSTEM OF KAZAKHSTAN IN THE 1950–1980s OF THE 20th CENTURY: HISTORICAL ANALYSIS.....	382
Bekmagambetova M.Zh., Bekmagambetov R.K., Bimolanova A.A. “IDEOLOGICAL MISTAKES” IN SCHOOL TEXTBOOKS OF KAZAKH LITERATURE IN THE 1950S.....	399
Belyalova A., Kaipbayeva A.T. THE SITUATION OF ETHNIC GROUPS IN KAZAKHSTAN DURING THE FAMINE (1931–1933).....	415
Duisembayeva N.B., Zhumatay S. THE PLACE OF THE “MAMANIYA” SCHOOL IN EDUCATION IN THE EARLY XX CENTURY.....	427
Zholseitova M. MUSLIM EDUCATION SYSTEM IN THE CONTEXT OF COLONIAL POWER: A SCIENTIFIC ANALYSIS OF POLITICAL STRATEGIES AND IDEOLOGICAL DISCOURSE.....	442
Kaipbayeva A.T., Abikey A.M. HISTORIOGRAPHICAL REVIEW OF THE PROBLEM OF MASS FAMINE IN 1931–1933 IN KAZAKHSTAN.....	456
Legkiy D.M., Nurusheva G.K., Turezhanova S.A. FROM THE HISTORY OF TRAINING TEACHERS IN THE KAZAKH SSR.....	471
Malikova S.Z., Abuov N.A. HISTORY OF COLLECTIVIZATION AND FAMINE IN NORTHERN KAZAKHSTAN.....	488
Mukanova G.K., Akhmetzhanova A.T. PROTEST PUBLICATIONS OF THE KAZAKH INTELLECTUALS ABOUT THE DISTRICT ADMINISTRATION OF THE STEPPE REGIONS. THE TURN OF THE XIX–XX CENTURIES.....	501
Mukhatova O.Kh. THE SITUATION OF STREET CHILDREN DURING THE YEARS OF FAMINE.....	516
Sagnaikyzy S., Sartaev S.A., Nusupbaeva S.A. SUSTAINABLE FARMING: LINKS BETWEEN MEAT PROCUREMENT AND GREEN ECONOMY PRINCIPLES IN KAZAKHSTAN (1927–1932).....	531
Suleimenova K., Dautbekova M.K., Kurmanalina N.N. THE ROLE OF KAZAKH BATYRS IN DIPLOMATIC RELATIONS (XVIII CENTURY).....	543
Khaidarov E.E. COLLECTIVIZATION AND POPULAR PROTESTS IN THE WEST KAZAKHSTAN REGION (1928–1932).....	559
Egamberdiyev M.Sh., Turgunbayev Ye.M. RELIGIOUS TRANSFORMATION IN KAZAKH SOCIETY UNDER IMPERIAL MODERNIZATION.....	575

ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Nurlanovna G., Beknazarov R.A. AKTOBE – A POLY-ETHNIC CITY (1869–1946): HISTORICAL AND ETHNOGRAPHIC STUDY.....	589
Khabibullin E., Asylguzhin A., Ryskildin A. KIPCHAK AND RELATED CLANS (TRIBES) OF THE BASHKIRS ACCORDING TO GENETIC RESEARCH DATA.....	603

ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”

2025. 12 (2)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Копеева С.Ж.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй